ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050000, Алматы к., Желтоқсан к., 83
Тел: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

050000, г. Алматы, ул. Желтоксан, 83
Тел: 8 (727) 279-30-26
E-mail: fink.almaty@minfin.gov.kz

26.03.2018г. № 05-07/1271

«Банур-1» ЖШС
050059, Шымкент қ-сы, Ынтымақ м/а,
Түркістан к-сі, 101А.

Сіздің 02.03.2018 жылғы №35, №36, №37 арыздарыңызға

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің арызыңыз бойынша, "Алматы қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" КММ-мен ұйымдастырылған *№ 2215816-2 "Алматы қаласындағы № 19 бас тоғанын қайта құрылымдау" техникалық қадағалау жүргізу"* мемлекеттік сатып алу конкурсына камералдық бақылау жүргізіп, төмендегіні хабарлайды:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі қарай - Қағида) 150 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

- мемлекеттік кірістер органының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайтын бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) болуы.

Яғни, әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік кірістер органының алдында бір теңге мөлшерінде және одан астам салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі болған жағдайда, ондай әлеуетті өнім берушіні веб-портал автоматты түрде айқындайды.

Мемлекеттік сатып алудың веб-порталында орналасқан Ұйымдастырушың техникалық ерекшелігін талаптарына сәйкес, келесіде талаптар көрсетілген:

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 34-1 бабының 8 тармағына сәйкес жеке тұлғалар және аккредиттелген заңды тұлғалар

техникалық қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде өздерінің меншік немесе жалға алу құқығында өлшем және бақылау құралдары, нормативтік құжаттары және аккредиттелген (тартылған) зертханасы болуы міндетті.

Зертхананы жалға алған жағдайда зертхананың өз атына берілген аккредиттеу аттестатының болуы. Аккредиттеу саласы жалпы құрылыс жұмыстары мен дәнекерлеп байланыстыру бойынша сынақтар жүргізу мүмкіндігін қамтуы тиіс. (Қағидалардың 150 тармағының 2 тармақшасына сәйкес зертхана бірлесіп атқарушы ретінде жұмысқа тартылған жағдайда, нақты айтқанда қосалқы мердігер туралы мәліметтер беру. Әлеуетті өнім беруші өтінімде 10 қосымшада қосалқы мердігерге қатысты құжаттарды көрсетеді және қосалқы мердігерге қойылатын талаптар әлеуеттік өнім берушіге қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс).

(тартылған) тіркелген зертхана, радиографикалық бақылауға тиісті куәлігі бар маманның болуы керек.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушың техникалық ерекшелігің талаптарына сәйкес, қосалқы бағдарламалардың бақылауы мен өлшеулерін бұзбайтын құралдардың ең аз тізбесі көрсетілген, алайда аталған тізбеде "Радиографическому контроль" өлшем және бақылау құралының конкурстық құжаттамада міндетті түрде болу талаптары көзделмеген.

Қағиданың 6 - қосымшасында көрсетілген Есертудің (примечание) 11 тармағына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші "АДС САПА" ЖШС-гі "Радиографическому контроль" өлшем және бақылау құралының конкурстық құжаттамада міндетті түрде болу талаптары көзделмеуіне байланысты, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін өз конкурстық құжаттамасында ұсынылмаған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталмады.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Департамен басшысының
орынбасары **Б.Бөгембаев**

орын. Букаев Ж.
тел. 279-40-89